

# gorenje

**Шәйнек**




**K17BK**

Пайдалану жөніндегі басшылық KZ

KZ

Пайдаланушы басшылығы ..... 00



### Сипаттама

1. Қақпақ
2. Қақпақты ашу батырмасы
3. Қосу/өшіру ауыстырып қосқышы
4. Тұғыр
5. Желілік аша
6. Су деңгейінің индикаторы
7. Шүмек
8. Қаққа қарсы anti-сүзгі

### МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Аспапты дұрыс қолдану үшін нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықты міндетті түрде сақтаңыз және аспапты жаңа иегеріне берген кезде нұсқаулықты да беруге ұмытпаңыз.

Жалғар алдында аспапта көрсетілген кернеудің желідегі нақты параметрлерге сәйкес келетіндігін тексеріп алу қажет.

Шәйнекті жеткізу жиынтығына кіретін тұғырмен бірге қолданыңыз.

Тұғыр мен шәйнекті тек құрғақ, тегіс және тұрақты бетке қойыңыз.

Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар; физикалық, ақыл-ой және сезіну қабілеттері шектелген адамдар,

құрылғымен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ және оны қалдай қолдану керегін білмейтін адамдар қауіпсіз қолдануды және онымен байланысты қауіптерді қамтамасыз ететін адамның бақылауымен және басшылығымен ғана қолдана алады. Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.

Тазалауды және қызмет көрсетуді 8 жасқа толмаған балалар орындамауы не болмаса ересектердің бақылауымен жасауы тиіс.

Шәйнекке және желілік кабельге балалардың қолы жетпеуі тиіс. Желілік кабельдің шәйнек орнатылған үстелдің немесе жұмыс бетінің жиегінен салбырап тұрмауын қадағалаңыз. Кабельдің артығын кабельді сақтауға арналған бөліктің ішінде сақтауға немесе шәйнек тұғырына орап қоюға болады.

Желілік шнур, шәйнек тұғыры және шәйнектің өзі ыстық беттерден жеткілікті қашықтықта орналасуы тиіс. Егер желілік кабель, аша, шәйнек тұғыры немесе шәйнектің өзі бүлінген болса, оны шәйнекті қолданбаңыз. Бүлінген желілік кабельді ауыстыруды авторлық құқығы бар сервис орталығының маманы ғана орындай алады.

Шәйнекті және оның тұғырын суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға тыйым салынады. Шәйнек тек су қайнатуға ғана арналған. Оны сорпаны немесе басқа да сұйықтықтарды, сонымен қатар консервіленген тағамдарды ысыту үшін қолданбаңыз.

Қайнаған су күйге себеп болуы мүмкін. Абай болыңыз!

Шәйнекке суды максималды деңгейден жоғары құюға тыйым салынады. Әйтпесе қайнап жатқан су мұрнынан шашырауы мүмкін, бұл ретте күйіп қалуыңыз мүмкін. Қызып тұрған шәйнектің қақпағын ашуға тыйым салынады. Егер қақпақты шәйнек қайнағаннан кейін бірден ашсаңыз, аса сақ болыңыз: шәйнектен шығатын бу өте ыстық. Қызу кезінде және кейін шәйнек корпусына қолыңызды тигізбеңіз: ол өте ыстық.

Шәйнекті ұстаған кезде тек сабынан ұстаңыз.

Шәйнекте ең болмағанда минималды су мөлшерінің болуын қадағалаңыз, әйтпесе ол толықтай буланып кетуі мүмкін. Шәйнекті сусыз қоспаңыз.

Электрлік шәйнек негізінде конденсат түзілуі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, бұл оның жұмысындағы ақауды білдірмейді.

Егер кермек су қолданылатын болса, онда қыздырғыш элемент пен шәйнектің ішкі беттерінде аз ғана дақтар пайда болуы мүмкін. Бұл қақтың пайда болуының нәтижесі. Су қаншалықты кермек болса, қақ та соғұрлым жылдам пайда болады. Қақтың түсі әртүрлі болуы мүмкін. Қақ денсаулық үшін зиянсыз болғанымен, ол шәйнек жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. «Қақтан тазалау» бөлімінде сипатталғандай, шәйнекті қақтан жүйелі түрде тазалап тұрыңыз.

**Бұл жабдық Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтары туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (Waste Electrical and Electronic Equipment – WEEE).**

**Осы директива барлық ЕО елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.**

## **Электромагнитті өрістер (ЭМӨ)**

Бұл Gorenje аспабы электрмагнитті өрістер жөніндегі стандарттарға сәйкес келеді. Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес аспапты дұрыс қолданған кезде заманауи ғылыми деректерге сәйкес аспапты қолдану қауіпсіз.

## **Қорғайтын өшіру**

Шәйнек бос шәйнекті қосудан қорғау құрылғысымен жабдықталған. Егер құрылғыда су жеткіліксіз болса немесе ол толықтай бос болса, шәйнекті қосуға әрекет жасаған кезде құрылғы автоматты түрде іске қосылады. Бұл қорғайтын өшіру іске қосылған кезде ауыстырып қосқыш «Өшіру» күйінде қалады, ал қосу индикаторы өшеді. Ауыстырып қосқышты «Өшіру» күйіне орнатыңыз және шәйнекті 10 минут бойы суытыңыз. Қорғанысты әдепкі қалпына келтіру үшін шәйнекті тұғырынан алып, оған су құйыңыз. Енді шәйнек қайтадан қолдануға дайын.

## **Алғаш қолданар алдында**

1. Шәйнек пен тұғырдағы барлық қақты алып тастаңыз.
2. Тұғырды құрғақ, тұрақты және тегіс бетке орнатыңыз.
3. Шәйнекті сумен жуыңыз.
4. Шәйнекке суды максималды деңгейге дейін құйыңыз және суды бір рет қайнатып алыңыз («Аспапты қолдану» бөлімін қараңыз).
5. Шәйнектен ыстық суды төгіп, оны қайта шайып алыңыз.

## АСПАПТЫ ҚОЛДАНУ

1. Батырманы басу арқылы қақпақты ашыңыз.
2. Шәйнекке суды шүмегі арқылы немесе қақпағын ашып құйыңыз.
3. Қақпақты жабыңыз.
4. Судың буланып кетпеуі үшін қақпақтың жақсы жабылғанына көз жеткізіңіз.
5. Шәйнекті тұғырға орнатыңыз.
6. Ашаны желілік розеткаға тығыңыз.
7. «Қосу/өшіру» ауыстырып қосқышын «Қосу» (I) күйіне орнатыңыз.

Қосу индикаторы жанады және шәйнек қыза бастайды.

Су қайнаған кезде шәйнек автоматты түрде өшеді.

## ТАЗАЛАУ

Тазалауды бастамас бұрын шәйнекті электр желісінен ажыратыңыз!

Шәйнекті тазалау үшін агрессивті және абразивтік тазалау құралдарын қолданбаңыз. Шәйнек пен тұғырды суға батырмаңыз.

## Шәйнекті тазалау

1. Шәйнек корпусының сыртқы бетін жұмсақ жуу құралы қосылған жылы суға малынған жұмсақ матамен сүртіңіз.

## Сүзгіні тазалау

Қақ денсаулыққа зиян емес, бірақ суға «ұнтақ» дәмін беруі мүмкін.

Үш реттік әсері бар қаққа қарсы сүзгі суға қақтың түсуіне кедергі келтіреді және судан қақ бөлшектерін жоятын торы бар.

Сүзгіні келесі тәсілмен жүйелі түрде тазалап тұру қажет:

1. Шәйнектің сүзгісін алыңыз.
2. Сүзгіден себетті алып, одан торын ағытып алыңыз.
3. Торды ағын сумен жуыңыз.
4. Сүзгіні жұмсақ нейлон щеткамен ағын су астында мұқият жуыңыз. Сондай-ақ сүзгіні қақты тазалау кезінде шәйнек ішінде де қалдыруға болады («Қақтан тазалау» бөлімін қараңыз).
5. Сүзгіні ыдыс жуу машинасында жууға болады.
6. Сүзгіні ағын су астында немесе ыдыс жуу машинасында жуып алғаннан кейін оны шәйнекке орнатыңыз.

## Қақтан тазалау

Қақтан жүйелі түрде тазалау шәйнектің қызмет ету мерзімін ұзартады.

Қалыпты қолдану кезінде (күніне бес ретке дейін) қақтан тазалаудың келесі жиілігі ұсынылады:

- егер су жұмсақ болса (18 dH дейін), үш айда бір рет,
- егер су кермек болса (18 dH аса), бір айда бір рет.

1. Шәйнектің максималды көлемінің төрттен үш бөлігіне дейін су толтырып, қайнатыңыз.
2. Шәйнек өшірілгеннен кейін оған максималды деңгей белгісіне дейін ақ шарап сірке суын (8% сірке су қышқылы) қосыңыз.
3. Ерітіндіні шәйнекте бір түнге қалдырыңыз.
4. Шәйнектегі суды төгіп, оның ішкі бөлігін таза сумен мұқият жуыңыз.
5. Шәйнекке таза су құйып, қайнатып алыңыз.
6. Шәйнектегі суды төгіп, оның қайтадан таза сумен мұқият жуыңыз.

Егер шәйнекте қақ қалып қойса, процедураны қайталаңыз.

Сондай-ақ қақ кетіруге арналған арнайы құралдарды да қолдана аласыз. Бұл жағдайда құрал қаптамасындағы қақ кетіру жөніндегі нұсқауларды орындаңыз.

## САҚТАУ

Кабельді тұғырдың төменгі бөлігіндегі арнайы бөлікте сақтаған жөн, орау үшін катушканы оңға қарай бұраңыз.

## КЕПІЛДІК ЖӘНЕ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ

Ақаулар туындаған кезде авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз. Авторлық сервис орталықтарының тізімін «Кепілді міндеттемелер» кітапшасынан таба аласыз.

## Қоршаған ортаға күтім

Қызмет ету мерзімі аяқталған бұйым тұрмыстық қалдық ретінде жойылмауы тиіс. Бұйымды кәдеге жарату туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына, шақырылатын және қалдықтарды кәдеге жаратын қызметке немесе осы бұйымды сатып алған дүкенге хабарласыңыз. Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтау арқылы қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын ала аласыз.

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!

### **Қоршаған ортаны қорғау**

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

### **Кепілдік және қызмет көрсету**

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Сатып алушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз (орталық телефонының нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер мұндай орталық еліңізде болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларды қолдау бөліміне хабарласыңыз.

Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілді міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

**Тек үйде қолдануға арналған!**



Импорттаушы: «Горенье БТ» ЖШҚ,  
119180, Мәскеу, Якиманская жағ., 4, 1-құр.

**GORENJE  
АСПАПТЫ АСҚАН  
ҚИЗИҒУШЫЛЫҚПЕН  
ҚОЛДАНУЫҢИЗДИ ТІЛЕЙМИЗ!**

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!